

«Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

**2021-2022 жылғы оқу жылындағы логопунктке
тартылған оқушылармен жасалған дефектологтың
жұмыстарының жылды қорытынды есебі**

Дефектолог: Жұман А.Д.

2021-2022 оқу жылының басында Қ.Әбдәлиев атындағы жалпы білім беретін мектебінде тіл кемістігімен ата-ананың өтініші және сынып жетекшілердің ұсынымы бойынша логопедиялық пунктке 19 оқушы тартылды. Оның 15-і ПМПК тексерісінен өтіп, МПМК мамандарының ұйғарымымен дефектологтың түзету сабағын қажет етеді деген қорытынды алды. Мектеп директорының бұйрығымен төмендегі аты аталған оқушылар логопунктке тіркелді.

МАД топтарынан:

Есенбек Нұрмұхаммед

Ханыбек Қосдәулет

Эсенбай Гаухар

Нұртаза Айзере

1-сыныптардан:

Дайрабаева Аяулым

Құттыбай Рамазан

Медеу Сая

Ниязбек Аймира

2-сыныптардан:

Ниязбек Аяла

3-сыныптардан:

Арапбай Аружан

Ахмет Асқат

Жолдыбек Інжу

Максут Айида

Нұртаза Ақжайна

Ибрахим Шапағат

Осы оқушылармен жұмыстануда сабақ кестесі құрылды. Сабақтан тыс жеке және топтық жұмыстар өткізу үшін сабақ кестесі құрылды. Әр оқушыға жеке диагностикалық сабақтар қыркүйектің 2-15-і аралығында жүргізілді.

Балардың жасын, даму деңгейін ескере отырып, топқа бөлу және жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. Тіл кемістігін түзету жұмыстары мынадай реттілікпен жүргізілді: артикуляциялық жаттығуларды меңгеру; фонетика-фонематикалық есту арқылы тілдегі кемістікті жою мақсатында дыбыстарға байланысты тақпақтар, жаңылтпаштар мақал-мәтелдер жатқа айту әдісі; түстерді ажырату; айнала қоршаған ортада өзін өзі басқаруы;

Әр оқушылардың деңгейіне қарай жеке тапсырмалар берілді. Логикалық ойлауын дамыту мақсатында оқушыларға «артық затты тап», «Бөліктен суретті тап» ойындары ұсынылды.

Оқушылардың ұсақ моторикасын дамыту мақсатында мақта үрлеу, моншақ бөлу және күріш, бұршақ, бидай секілді дәнді-дақылдарды ажырату немесе дәндермен суретті бейнелеу жұмыстары, қылқаламсыз саусақ ұшымен сурет салу жұмыстарымен жұмыстанды.

1-топ:

Есенбек Нұрмұхаммед

Ханыбек Қосдәулет

Әсенбай Гаухар

Нұртаза Айзере

Құттыбай Рамазан

Медеу Сая

Ниязбек Аймира

2-топ:

Арапбай Аружан

Ахмет Асқат

Ниязбек Аяла

Максут Айида

Нұртаза Ақжайна

3-топ. Жеке жұмыстанған оқушылар:

Дайрабаева Аяулым

Жолдыбек Інжу

Ибрахим Шапағат

Түзету дамыту жұмысында ата-аналарға да кеңестер берілді. Әр апта соңында ата-аналармен кездесулер және телефон желісі арқылы сұхбаттар жүргізіліп бала бойындағы өзгерістер бойынша пікір алмасу болып тұрды. Ата-аналар назарына «Ата-аналарға кеңес», «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін ойын арқылы дамыту» тақырыптарында баяндамалар оқылды. Логопункттегі оқушылардың сынып жетекшілеріне жеке әңгімелесу барысында кеңестер мен ұсыныстар айтылып кеңес беру журналына тіркелді.

Логопункттен ата-аналарының қалауларымен 12 бала шығарылды, үш оқушы түзету сабақтарын жалғастырсын деген сынып жетекшілер мен ата-аналардың ұсынымы бойынша қалды.

Үйде оқытылатын 7 «Б» сынып оқушысы Ақжолтай Қарақаттың қазақ тілі және әдебиет сағаттарына «жалпы мектеп бағдарламасымен» қазақ тілі әдіс бірлестігінің жетекшісі Улжалғас Нурманкуловамен жоспар түзілді.

Жоспар барысында оқу мақсаттары бір шама жеңілдетіліп жасалды. Қосымша жұмыс ретінде Қарақаттан грамматикалық қателерді жою жұмыстары бойынша диктант алып отырдым. Тиісінше БЖБ,ТЖБ тапсырмалары да орындалды.

«Жеңіл ақыл-ой кемістігі» бар 5 «А,Б» сынып оқушылары Бақыт Азамат пен Мажитов Жолдыбайға оқу және тіл дамыту типтік оқу бағдарламасымен жұмыс жасалды. Түзету-дамыту жұмыстарын да қатар жүргізу мақсатында оқушыларға сурет салдырып,түстерді ажырату, моншак бөлу жұмыстарын да жүргізіп отырдым.

Дефектологиялық өз білімімді жетілдіру мақсатында наурыз айының 28-29 аралығында «Білім беру ұйымдарындағы арнайы педагогтердің кәсіби күзіреттілігін арттыру» курсына қатысып сертификаттандым. Оқу барысында дефектологтың міндеттері, нақты қандай құжаттар жүргізілуі тиіс,қандай бағытта және қандай бұйрықтар мен әдістемеліктермен жұмыс жүргізіу барысын нақтыладым. Жалпы мектептегі ЕБҚ балалармен жұмыс жасау жолын түсіндім.ППҚ жұмысында командалық жұмыстың ғана нәтижесі болатынын курс жүргізуші 12 жылдық тәжірибесі бар дефектолог-логопед Жанар Азатбекқызы дәлелдеп берді.

Дефектология, логопедия бойынша мазалаған сұрақтар бойынша іздену барысында нормативтік заңдарды «Әділет kz» сайтынан, үйде оқитын оқушыларға керекті оқулықтар мен әдістемелік кітаптарды «specl-edu.kz» сайтынан, «САТР kz» сайтынан дидактикалық материалдар мен әдістемелік жинақтарды алуға болатынын білдім.

«1-маусым балаларды қорғау күні» және «Балалар жылы» аясында Қазығұрт аудандық адами әлеуетті дамыту орталығының ұйымдастыруымен мүмкіндігі шектеулі балалар арасында «Жауқазын» атты өнер фестивалі өткізілді. Аталмыш фестивальға үйде оқитын оқушымыз Ақжолтай Қарақат пен Кушкенбай Айзере қатысып өз өнерлерін көрсетіп алғыс хат пен сыйлықтар иеленіп қайтты.

Сабаққа келген оқушыларды тіркеу журналы


"Белый" 
 Москва, библиотека
 Л. С. Соловьев 1872

1911 год. 100 экземпляров
 изданных, 100 экземпляров
 изданных, 100 экземпляров

Туркестан, 1872.
 Туркестан, 1872.
 Туркестан, 1872.
 Туркестан, 1872.

№3. точка (відав тіліній змалював глибини) визначити глибини скільки бурових (1-3 точки)		визначити глибини скільки бурових (1-3 точки)	
на апарат буровий 1-го		на апарат буровий 1-го	
а/с		а/с	
Визначити глибини скільки бурових (1-3 точки)		Визначити глибини скільки бурових (1-3 точки)	
1. Найбільша глибина		1. Найбільша глибина	
2. Широкі шари		2. Широкі шари	
3. Найменша глибина		3. Найменша глибина	
4.		4.	
5.		5.	
6.		6.	

Дефектологтың ата-анаға кеңес беру журналы




Дефектологтың мұғалімдерге кеңес беру журналы



Сабақтар сәтінен







Сабактар сәтінен

Үйде оқитын оқушылармен өтілген сабақтар сәтінен





«Білім беру ұйымдарындағы арнайы педагогтердің кәсіби құзіреттілігін арттыру» курсын аяқтап сертификат алу сәті



«1-маусым балаларды қорғау күні» және «Балалар жылы-2022»



